

КӨПМӘДЕНИЕТТІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒААРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Смагулова Н. Т., I курс магистранты

Ғылыми жетекші: Капенова А. А., қауымдастырылған профессор (доцент), п.ғ.к.,
I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

E-mail: Smagulova-555@mail.ru

Бұл мақалада көпмәдениетті білім беру ортасында бастауыш сынып оқушыларының тұлғааралық қарым-қатынасын қалыптастыру турасында сөз болады. Тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастыруға ықпал ететін факторлар, оның оқушыларға әсері туралы айтылып, талданады. Толеранттылыққа баулудың пайдасы айтылады және не үшін тұлғааралық қарым-қатынасты бастауыш сыныбынан-ақ қалыптастыру қажет деген сұраққа жауап ізделді. Түрлі ұлт өкілдері өмір сүретін елімізде көпмәдениетті білім беру ортасының болуы да заңдылықты. Сондай ортаға бейімделу жолдарын түсіндіре отырып, оқушыларға өзге ұлт өкілдерінің ұлттық құндылықтарын, мәдениетін құрметтеуді үйрету қарастырылды.

Тірек сөздер: бастауыш білім беру, көпмәдениетті білім беру, тұлғааралық қарым-қатынас, көптілділік.

В данной статье рассматривается формирование межличностных отношений учащихся начальных классов в поликультурной образовательной среде. Обсуждаются и анализируются факторы, способствующие формированию межличностных отношений, их влияние на учащихся. Были изучены преимущества привития толерантности и вопрос о том, почему межличностные отношения должны формироваться с самых ранних классов. Естественно, что наша страна, где проживают люди разных национальностей, имеет поликультурную образовательную среду. Объясняя, как приспособиться к такой среде, студентов учили уважать национальные ценности и культуру других национальностей.

Ключевые слова: начальное образование, поликультурное образование, межличностное общение, полиязычие.

This article discusses the formation of interpersonal relations among primary school students in a multicultural educational environment. The factors contributing to the formation of interpersonal relationships, their impact on students are discussed and analyzed. The benefits of instilling tolerance and the question of why interpersonal relationships should be formed from the earliest grades were explored. Naturally, our country, where people of different nationalities live, has a multicultural educational environment. Explaining how to adapt to such an environment, students were taught to respect the national values and culture of other nationalities.

Key words: primary education, multicultural education, interpersonal communication, multilingualism.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық жүйесінде орын алып жатқан өзгерістер, этностар арасындағы қарым-қатынас жағдайының күрделенуі, технологиялық ақпарат көлемінің артуы, бәрі-бәрі – көпмәдениетті ортада өмір сүруге қабілетті, толерантты тұлғаны қажет етеді. Ондай тұлға қалай пайда болады? Адамзатты қоршаған ортада болып жатқан өзгерістерге бейімдеп, оны шыңдайтын, білім, білік, дағдысын қалыптастыратын, даму жолында түрлі әрекеттерді сыннан өткізетін әлеуметтік институт, ол – білім жүйесі.

Бүгінгі таңда елімізде боп жатқан көптеген өзгерістер қатарында білім беру жүйесіне де заман талабына сай қарқынды түрде түрлі өзгерістер енуде. Соған орай жаңартылған оқу мазмұнында оқыту үдерісін тың идеялармен байыту, оқыту-тәрбиелеу жұмыстарын жаңа мазмұнда жасақтау – болашақ керек ететін міндеттер қатарында тұр. Білімді, тәрбиелі, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеп шығару – әлемдік өркениетте өзіндік орны бар егеменді еліміздің ертеңі үшін аса маңызды процесс. Әрине, мұндай жауапкершілігі мол жұмыс – бүгінде әр сабағын жаңаша ұйымдастырып, қашан да ізденісте жүретін ұлы ұстаздардың еншісінде. Өйткені, білім беру жүйесіндегі күнде орын алып жатқан өзгеріс соны талап етеді. Оқыту үдерісінде оқушыларды оқытуда жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалану және тек қана білім беріп қана қоймай, білім беру процесінде көп тілді меңгерген, көпмәдениетті тұлғаны тәрбиелеу, қалыптастыру жаңа заманның өзекті мәселесі болып табылады.

Білім беру жүйесінің оқыту процесінде, әсіресе бастауыш сыныптарының білім мазмұнын жаңартуда оқушының жеке тұлғалылығын қалыптастыру, сонымен қатар оқытудың жаңа құзіреттіліктеріне басымдық беру сынды өзгерістер енгізудің қажеттілігі жоғары. Себебі, бүгінгі талаптарға сәйкес білім, білік, дағдыны игеру оқушының құзіреттіліктері үшін жеткіліксіз.

Көп тілді меңгерген, көпмәдениетті тұлға, ол – өзінің туған жерінің, елінің салт-дәстүрін, мәдениетін, әдебиетін білетін, қадір тұтатын, мақтан ететін және өзге мемлекет халықтарының мәдениетіне де құрметпен қарай алатын, біздің елімізде өмір сүріп жатқан түрлі ұлт өкілдерімен тату-тәтті өмір сүре алатын, бір сөзбен айтқанда толерантты азамат.

Көпмәдениетті білім —бұл өскелең ұрпақты көпұлтты және көп мәдениетті орта жағдайында өмірге дайындау идеяларына негізделген білім. Мұндай білімнің мақсаты-адамдармен қарым-қатынас жасау және ынтымақтастық жасау қабілетін қалыптастыру.

Көпмәдениетті білім берудің мақсаты-көпұлтты және көпмәдениетті ортада белсенді және тиімді өмір сүруге қабілетті, басқа мәдениеттерді түсінуге және құрметтеуді, әртүрлі ұлт адамдарымен бейбітшілік пен келісімде өмір сүру қабілетіне ие адамды қалыптастыру.

Қазақстан Республикасы көп ұлтты мемлекет болғандықтан да, көпмәдениетті білім беру барысында оқушыларға түрлі ұлт өкілдері арасындағы тұлғааралық қарым-қатынасты үйрету, толеранттылыққа баулу – бастауыш сатысынан басталуы тиіс. «Тәрбие тал бесіктен басталады» - деп қазақ айтпақшы көпмәдениетті білім беру ортасындағы тұлғааралық қарым-қатынас тілін оқушы бастауыш сыныбында жүріп-ақ үйреніп, санасына сіңіргені есте дұрыс. Заманның талап еткеніне қарай оқушы бойына өзге ұлт өкілдерімен жақсы қарым-қатынаста болу дағдысын қалыптастыру – ұстаз міндетінің бірі.

Осы орайда бастауыш сынып оқушыларының тұлғааралық қарым-қатынасын қалыптастыру үшін қандай іс-әрекеттер атқару керек, қарым-қатынасты дамытуда түрлі коммуникативтік тапсырмалардың пайдасы қандай деген сұрақтар туындайды. Ендеше, «Қазақстандықтардың өскелең ұрпағы кем дегенде үш тілді білуі тиіс, олар: қазақ, орыс, ағылшын тілдері» - деп елбасы айтқандай, оқушыларға көптілділікті меңгерту – көпмәдениетті білім беру ортасында оқушылар арасындағы тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастырудың бірден бір төте жолы.

Әрине, бұл оқыту процесі ұстаздың шеберлігін аса қажет ететіні рас. Бастауыш сынып оқытушылары тілді игертуде оқушы өз ойын еркін жеткізе алатындай дәрежеге жеткізуі керек. Сонымен бірге оқушының бойына қарым-қатынастық біліктілікті, дағдыны қалыптастыруы керек. Яғни, ұстаз өз мақсатына қарай емес, оқушының үйрену дағдысына қарай икемделіп жұмыс атқаруы тиіс.

Жоғарыда атап өткен қарым-қатынастық құзіреттілікті оқушыға игерту үшін ұстаз мынадай біліктілікті меңгеруі керек:

- Қандай ортада болмасын өзіне аяқ асты қойылған сұраққа мүдірмей, сауатты түрде жауап беру;

- Пікір алмасуда өзінің сөз байлығын барынша, оның ішінде әдеби сөздерді, яғни көркемдегіш сөздерді қолдана алу;

- Пікір алмасып отырған ортада кез келген айтылған ойды тосылмай жалғастырып кете білу;
- Кез келген тұлғааралық қатынасты бағалау, сынай білу сынды біліктіліктер.

Аталған біліктіліктерді меңгере отырып, оқушы бойына тұлғааралық қатынасты қалыптастырушы ұстаз оң нәтижеге қол жеткізетіні анық. Сонымен қатар, көпмәдениетті білім беру ортасындағы бастауыш сынып оқушыларының тұлғааралық қарым-қатынасын қалыптастыруда әсер ететін фактор – көптілділік екенін естен шығармай, оқушыларға тіл үйрету арқылы тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастыра алады.

Көпмәдениетті тұлға қалыптастыруда:

- Жан-жақты дамыған, қазақы салт-дәстүрді бойына сіңірген, ұлттық құндылықтар мен өзге ел мәдениеттері негізінде дамыған тұлға тәрбиелеу;
- Оқушыларды дамыған өркениет пен көпұлтты мемлекетіміздің өмір жағдайына икемдеу;
- Көптілділікті үйрету арқылы білім жүйесінің дәрежесін арттыру, зиялы, белсенді ұрпақ қалыптастыру сияқты мақсат жолында жұмыстар атқарылуы керек. Сол арқылы білім, білік, дағды құзыреттіліктерінен бөлек тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастыру құзыреттілігінің нәтижесінде көптілділікті меңгеру арқылы қалыптасқан көпмәдениетті тұлға өзге ұлт өкілдерімен қарым-қатынас орната білетін, өзіндік ойы бар, дербес тұлға атанады.

Бастауыш сыныптарына өзге тілдерді үйрету әлі ерте, олар бірінші өз ана тілдерін оқып үйренуі керек деген пікірмен келісе отыра, дүние жүзі халықтарының мәдениет ерекшеліктерін, олардың әдет-ғұрпын, мәдениетін, тұрмыс-салтын, тарихын білудегі білімсіздік дегеннің де алдын алуымыз керек екенін алға тартқым келеді. Көпұлтты мемлекетте өмір сүретіндіктен толеранттылықты біз оқушы бойына кішкене кезінен бастап-ақ сіңіруіміз керек. Өйткені, көпмәдениеттілік ешбір адамда туа бітті қалыптаспайды, тәрбие мен білім беру арқылы жүйеленіп, қалыпқа түседі.

Көпмәдениетті білім беру көптілділікпен тығыз байланысты, ол өз кезегінде ұлттардың мәдениетін ескерусіз қалдырмайды және өзара ынтымақтастыққа баулиды.

Сол үшін де мектеп табалдырығынан енді аттаған бастауыш сынып оқушыларына бірінші жылдары тілді үйретпесек те, өзге ұлт өкілдерінің мәдениетін, салт-дәстүрін үйрете отырып, өзге ұлт өкілдеріне сыйластықпен қарауды санасына сіңіру сияқты тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастырудың алғашқы қадамдарынан бастауымыз керек. Себебі, сол жастағы балалардың мінез-құлқы, алғашқы көзқарастары белсенді түрде қалыптасады, яғни бастауыш сынып оқушыларына тәрбие беру оңайырақ және ыңғайлы болады. Тәуелсіз мемлекетте өмір сүріп жатқан түрлі ұлт өкілдерінің құндылықтарына, мәдениетіне, тұрмыс-тіршілігіне құрметпен қарауға тәрбиелеп, сол арқылы жеке тұлға боп қалыптасуына ықпал жасау – ұстаз алдындағы борыш.

Қорыта келгенде соңғы уақытта ұлтаралық этиканы тәрбиелеу мәселесі мемлекеттік және халықаралық деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жариялана бастады. Бұл оқушылардың, студенттердің басқа ұлт өкілдеріне қатысты дұшпандық қарсыластықтары, төзімсіздік жағдайлары. . Бұл жағдайда ашық зорлық-зомбылық пен қанды қақтығыстарға әкелетін ұлтаралық қақтығыстар жиі кездеседі. Көптеген сарапшылардың пікірінше, бұл адамдарда төзімділік деңгейінің төмендеуі, қарым-қатынастардағы қаттылық, өз ұстанымын сыпайы және сауатты түрде көрсете алмау ең маңызды аспектілері болып табылады. Сол себепті басты назар бастауыш мектеп жасында жасалуы керек, дәл осы кезеңде адам сауатты болудың жолдары мен тәсілдерін үйренеді, ересектер әлеміне бейімделу басталады. Бұл жаста баланың дүниетанымдық бейнесі және ол сіңіретін барлық нәрсе қалыптасады, болашақта оның өмірлік ұстанымы мен тәсілдері анықталады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан – 2050». «Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Қазақстан Халқына жолдауы. Астана: Ақорда, 2012 ж.
2. Рысқұлбекова А.Д. Бастауыш сынып оқушыларына арналған оқу-тапсырмалар жинағы. Әдістемелік көмекші құрал.

3. Митусова О.А. Мәдениетаралық коммуникация контекстіндегі тілдік білім. // Гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық ғылымдар, №3. 2006 ж. 121-124 бб.
4. Амельков, А.А. Психологическая диагностика межличностного взаимодействия / А.А. Амельков. – Мозырь: Содействие, 2014. – 108 с.
5. Абрамова Г.С. Психологическое консультирование: Теория и опыт: Учебное пособие для студ. Высш. Педагогических учебных заведений – М.: Изд. Центр «Академия», 2011, 240 с.

УДК 663.542.547.458.65

<https://doi.org/10.53355/y8208-3688-7316-r>

HELIANTHUS TUBEROSUS ГҮЛІНІҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ АМИНҚЫШҚЫЛДАРЫН ЖӘНЕ ОРГАНИКАЛЫҚ ЕРІТКІШТЕРДЕГІ ЭКСТРАКТЫСЫН ФИЗИКА- ХИМИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРМЕН ЗЕРТТЕУ

Сулейменова А., 11-сынып оқушысы

Найманғазы А. магистр химических наук., Азимбаева Г.Е., кандидат химических наук
Қазақ ұлттық Аграрлық университеті., Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық
университеті, «М.Мәметова атындағы орта мектебі» КММ, Алматы, ҚР

E-mail: AISARA_NAIMANGAZY@mail.ru

Бұл мақалада *HELIANTHUS TUBEROSUS* гүлінің құрамындағы аминқышқылдары «Карло-Эрба-4200» (Италия- АҚШ) газды-сұйықтық хроматографында анықталды. Нәтижесінде 20 аминқышқылдары бар екені анықталды. Олар: глутамат, аспаратат, аланин, пролин, аргинин, лейцин, серин, изолейцин, тирозин, лизин, глицин. Сонмен қатар хлороформ, бензол, ацетон, гексан сияқты органикалық еріткіштердегі экстрактылары УК – «Evolution 600» спектрінде анықталды. Оның негізгі компоненттер құрамын: каротиноидтар (А дәруменін) және а- хлорофилл құрайды.

Тірек сөздер: БАЗ- биологиялық активті заттар, УК- ультракүлгін спектроскопия, А-интенсивтілігі, нм- толқын ұзындығы.

В статье определено аминокислот состава цветков *HELIANTHUS TUBEROSUS* из Ташкентской и Алматинской области. В результате исследований определено, что в цветке *HELIANTHUS TUBEROSUS* 20 аминокислот. Большое содержание аминокислот: глутамата, аспаратата, аланина, пролина, аргинина, лейцина, серина, изолейцина, тирозина, лизина, глицина в его составе. В экстрактах цветков *HELIANTHUS TUBEROSUS* (хлороформ, бензол, ацетон, гексан) методом УФ спектроскопии установлено, что основными компонентами экстрактов являются каротиноиды (витамин А).

Ключевые слова: БАЗ - биологически активные вещества, УФ - ультрафиолетовая спектроскопия, а-интенсивность, нм-длина волны.

The article defined amino acid composition of flowers *HELIANTHUS TUBEROSUS* of Tashkent and Almaty region. The studies determined that the flower *HELIANTHUS TUBEROSUS* 20 amino acids. The high content of amino acids glutamate asparatata, alanine, proline, arginine, leucine, serine, isoleucine, tyrosine, lysine, glycine, in its composition. In extracts of flowers *HELIANTHUS TUBEROSUS* (chloroform, benzene, acetone, hexane) by UV spectroscopy revealed that the major components of the extract are the carotenoids (vitamin A).

Keywords: BAS - biologically active substances, UV - ultraviolet spectroscopy, a-intensity, nm-wavelength.

БАЗ- табиғаттың тартуы өсімдіктерден алынатын бағалы қосылыстардың бірі, олар өсімдіктерден табиғи және синтездеу жолымен алынады. Биологиялық белсенді заттарды